орнатылған. Біліктерде конвейер осі бойымен екі жағынан 3 сына белбеулер тартылған шығырлар орнатылған. Белбеулердің қозғалыс жылдамдығы конвейердің тарту органының қозғалысымен синхрондалған. Ілмелер сына белбеулермен мықтап бекітіледі. Сына белбеулердің қозғалысы конвейердің бұрылыс станциясымен шынжыр, тісті беріліс арқылы жүзеге асады. Сына белбеулері арасымен қозғалысы кезінде тауық ұшалары ілмелерден босатқыш құрылғының көмегімен жіберіледі [2].

Конвейер тәулік бойы үздіксіз жұмыс жасайтындықтан, оның жоғарыда аталған әрбір бөлшектері мен механизмдеріне үнемі күш түсіп тұрады. Механизмдерін уақытында тексермегендіктен, конвейердің бөлшектері істен шығуы мүмкін, ал конвейердің ең көп күш түсетін бөлігі – барабанның күймешелері болып табылады. Сондықтан, конвейердің ауытқусыз, тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін автоматты түрде күймешелерін майлап отырады.

Конвейер орнатылымдарының автоматты басқару жүйелері (АБЖ) келесі функцияларды орындайды: орталық басқару щит арқылы электрқозғалтқыштардың іске қосылу және тоқтату автоматизациясы, әр машинаның іске қосылуын бақылау, әр машинаның механизмдерінің жағдайын бақылау, тауық ұшаларын жүктеу, түсіру, автоматты адрестеу көмегімен тауықтарды адрестер мен пункттер бойынша тарату [11].



1.22 - сурет – Ілмелі-шынжырлы конвейерді басқаруға арналған щит

Бұл конвейерді басқару пульті Hyundai N700E жиілік түрлендіргіші арқылы электрқозғалтқыштарды басқару үшін арналған. Басқару пульті конвейер жұмысын 2 режимде: автоматты және қолмен басқаруға мүмкіндік береді.


Автоматты режим: S2 «Вперед» кнопкасын бір рет басу арқылы конвейерді алдыға қарай жүргізе алады.

Қолмен режим: S2 (S3) кнопкасы басылып тұрған кезде, конвейер алдыға (артқа) қозғалады да, жіберген кезде тоқтайды.

Кесте 1.3 – Конвейерді басқаруға арналған щиттің техникалық сипаттамасы

Басқару шкафының кернеу көзі	220В/50Гц
Қосылатын фотодатчик түрі (оптикалық қосқыш)	ВБО-М18-76С-9100-С
Қосылатын фотодатчик түрі (сәулелендіру)	ВБО-М18-76С-9100-Н
Қоршаған ортаның температурасы, °С	-20...+40
Басқару шкафының габариттік өлшемдері, мм	500*400*220
Басқару шкафының салмағы, кг	12,4
Жұмыс жасау режимі	Үздіксіз


Кесте 1.4 – AIS112L2 қозғалтқышының техникалық сипаттамалары

Техникалық сипаттамалары	AIS112L2 қозғалтқышы
Сыртқы түрі	
Р, кВт	5
Номиналды жиілік, айн/мин	2500
ПӘК, %	88
Масса, кг	34,2


Құстарды электрлік жансыздандыру дегеніміз – сойым үшін тауықтың қозғалысын уақытша электр тогы көмегімен шектеу. Электр тогы тауықтың орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, қозғалыссыз қалыпқа келтіреді, алайда, жүрегі соғып тұрады. «Сары-Бұлақ» құс фабрикасында тауықтарды жансыздандыру үшін WB 8000 айнымалы ток аппараты қолданылады [6].

Тауықтарды жансыздандыруға арналған аппараттың негізгі тірек құрылымы – тұғыр (1) болып табылады (машинаның қозғалмайтын бөлігі).

Кесте 1.5 – WB 8000 электрлік жансыздандыру аппаратының техникалық сипаттамалары

Техникалық сипаттамалары	WB 8000 электрлік жансыздандыру аппараты
Сыртқы түрі	
Техникалық өнімділігі, бас/сағ	3000
Жұмыс кернеуі, В	110
Қорек көзінің кернеуі,В	220
Габариттік өлшемдері,мм	2400*990*2195
Салмағы,кг	90

Оның үстінде бағыттаушының рөлін атқаратын 2 швеллер орналасқан, олардың бойымен тігінен кареткалар (2) (механизмнің жылжымалы бөлігі) сырғып отырады. Кареткаға белгілі бір деңгейге дейін толтырылған ванна (4) бекітілген. Каретка (5) штурвалдың айналымы арқылы орын ауыстырады. Кез-келген адам өміріне қауіпті жағдай орын алмауын алдын-алу үшін ванна екі жағынан да қоршалған. Жұмыс кернеуі күштік трансформатордың екіншілік орамынан беріледі. Жұмыс кернеуі осы жердегі бағыттаушыға және ваннаға, яғни суға беріледі. Ілмелі-шынжырлы конвейер бойымен келе жатқан тауық бағыттаушылармен жанасып, басымен электр тогы блогына (3) кіріп, электр тізбегін тұйықтайды. Осылайша, электр тогы әсеріне ұшырап, жансызданады. Құстың денесінен 25В кернеу өткізеді [5].



1.23 - сурет – WB 8000 электрлік жансыздандыру аппаратының схемасы

Ваннадағы судың деңгейі 300 FL қалқымалы су деңгейінің реттегіші арқылы реттелініп отырады. Электрлік жансыздандыру процессінде судың деңгейін реттеп отыру – маңызды орын алады. Себебі, судың деңгейінің төмен болуы тауықтардың дұрыс жансызданбау қаупін, ал су деңгейінің шектен тыс болуы, аппараттардың жарамдылығына немесе жұмыскерлер денсаулығына қауіп төндіреді [10].

Кесте 1.6 – 300 FL қалқымалы су деңгейінің реттегішінің техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамалары	300 FL қалқымалы су деңгейінің реттегіші
Сыртқы түрі	
Корпустың материалы	жоғары беріктікке ие шойын
Сыртқы жабын материалы	полиэстер
Фланец түрі	ISO 2084
Жұмыс қысымы	25 АТ
Салмағы, кг	7
Өлшемдері, мм	215*209*129
Клапан өлшемі, мм	50
Орташа шығын мөлшері, м <sup>3</sup> /сағ	40

300 FL қалқымалы су деңгейінің реттегіші келесідей принциппен жұмыс істейді: электрлік жансыздандыру аппаратының ваннасындағы судың деңгейін алдын-ала берілген өлшемдер бойынша реттеп отырады. Клапанның диафрагмасымен жалғанған қалтқы коммутациялық түтік арқылы жалпы құрылғының жұмысын басқарып отырады:

1. Судың деңгейі берілген өлшемнен түсіп кетсе, қалтқы төмен түседі де, клапанның дифрагмасын ашады. Осылайша, жұмыс қимасы ашылып, ваннаға клапанның басқарушы камерасынан су түсе бастайды.

2. Судың деңгейі берілген өлшемнен артып кетсе, қалтқы жоғары көтеріледі де, клапанның ашылу дәрежесі төмен түсіп, басқарушы камераға түтік арқылы артық суды жібереді. Клапан ваннаны толтыратын құбырда орналасады, ал қалтқы ваннаның ішіндегі орнатылған деңгейде тұрады [10].

Бұл реттегішті қолданудың бірқатар негізгі артықшылықтары: реттеудің жоғары дәлділігі, қарапайым және сенімді құрылысы, қызмет ету және монтаждау процессінің жеңілділігі, коррозияға төзімді материалды қоладану.


Ваннадағы суға төмендеткіш трансформатор арқылы кернеу беріледі. Трансформатор қорек көзіндегі кернеуді тауықтарды жансыздандыру үшін керек кернеудің мәніне алып келеді.

Кесте 1.7 – АТ 220/110 В төмендеткіш трансформаторының техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамалары	АТ 220/110 В төмендеткіш трансформаторы
Сыртқы түрі	
U <sub>кіріс</sub> , В	220
U <sub>шығыс</sub> , В	110
I <sub>шығыс</sub> , А	1
Қуаты, Вт	100
Габариттік өлшемдері, мм	70*92*140 мм
Салмағы, кг	1,6

Тауық ұшаларын термиялық өңдеудің аппараты корпуста, көпіршік сөндіргіштен, насостар,бу сымдарынан және жетектерден тұрады [9].

2,5 м 3 қалташаларда 2 насос орналасқан, оның әрқайсысына алдын-ала жылытылған су беріледі.




1.23 - сурет – Термиялық өңдеу аппараты

1 – реттелінетін тіректер, 2 – көпіршік сөндіргіш, 3 – ілмелі жол, 4 – бұрылу блогы, 5 – ілмелер, 6 – қақпақшалары, 7 – насостар, 8 – керегелері, 9 – корпус, 10 – торлар.

Осыдан пайда болған көпіршіктер көпіргіш сөндіргіштерге апарылынады, онда көпіршік саптамадағы судың көмегімен алынып тасталынады. Аппараттағы су 3 сужылытқыштардың буымен қыздырылады.

Ал тауық ұшаларының қауырсындары арнайы RM 16 ұрмалы-барабанды машина көмегімен алынады. RM 16 ұрмалы-барабанды машинаның құрылысына келетін болсақ, ол екі дәнекерленген корпус пен реттелінетін екі тіректен тұрады (төмендегі суреттің оң жағында көрсетілген) [6]. Әр корпусстың ішінде резеңке ұрмалары бар барабан айналып отырады. Барабанның кірісінде 96 үлкен ұрмалар, ортасында 88 орташа ұрмалар, шығысында 85 кішкентай ұрмалар орналасқан (төмендегі суреттің сол жағында көрсетілген). Машинаның корпустары мен барабандары арнайы тот баспайтын болат материалдан жасалынады.



1.24 - сурет – Ұрмалы барабанды машина:

1 – тақтай, 2 – электрқозғалтқыш, 3 – сына белдемді беріліс, 4 – барабан, 5 – резеңке ұрмалар, 6 мен 8 – реттелінетін тіреуіштер, 7 – корпус, 9 – реттеуші құрылғы, 10 – қаптама

Кесте 1.8 – RM 16 ұрмалы-барабанды машинаның техникалық сипаттамалары

Машинаның моделі	Қуат, Вт	Максималды жүктемесі, кг	Барабан-ның диаметрі, мм	Максималды өнімділігі, кг/мин	Ротордың айналу жылдамдығы, айн/мин
RM 16	1500	16	800	16	1400

Аталған машинаның жұмыс жасау принципі келесідей орындалады: барабандар бір-біріне қарама-қарсы бағытта 372 айн/мин жылдамдықпен айналады. Осылайша, тауық ұшалары осы барабандардың арасынан өткен кезде қауырсындары алынып тасталынады. Барабандар электрқозғалтқыштан сына белдемді беріліс арқылы қозғалысқа келеді. Барабанның күй-жағдайын биіктігі немесе ені бойынша реттеуге болады. Барабанның жоғарғы жағынан машинаны

қауырсындардан тазарту үшін шлангқа жалғанған штуцер арқылы су беріледі. Алынған қауырсындар ұрмалы барабанды машинаның астындағы еденде орналасқан науаға барып түсіп, қалдықтарды кәдеге жаратау цехіне сумен тасымалданады [12]. Осындай машина жұмыс өнімділігін әлдеқайда арттырып, он шақты адамның жұмысын орындай алады [2].

Кез-келген машинаның жүрегі – электрқозғалтқыш деп айтсақ та болады, себебі электрқозғалтқыш электр энергиясын механикалық энергияға түрлендіріп, машинаны қозғалысқа келтіріп тұратын басты құрылғы. RM 16 ұрмалы-барабанды машинасы Siemens 1LA7096-4AA үшфазалы электрқозғалтқышы арқылы жұмыс жасайды [9].

Кесте 1.9 – Siemens 1LA7096-4AA электрқозғалтқыштың техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамалары	Siemens 1LA7096-4AA үшфазалы электрқозғалтқышы
Сыртқы түрі	
Габариті	331*174*218 мм
Қуаты, кВт	1,5
Ротордың айналым жылдамдығы, айн/мин	1500
Жұмыс кернеуі, В	220
Қорғаныс классы	IP 55
Салмағы, кг	15,8
Өндірілген мемлекет	Чехия
Бағасы, тг	150.000


Тауықтың басы мен трахеяны алып тастау аппараты басты, трахеяны және өңешті төмен қарай бағытталған күшпен алып тастайды, ал алынып тасталынған қалдықтар арнайы қабылдағыш бункерге жиналады. Бұл аппарат тот баспайтын болат материалдан жасалан және ілмелі конвейердің тура астында, 180<sup>0</sup> қисық бойында орналасады. Машинаның жұмыс принципі келесідей: ілмелі-шынжырлы конвейерде келе жатқан тауық ұшалары жұмыс пруттардың арасына түседі де, конвейердің қозғалысы бойынша тарыла береді. Осылайша, құстың басы шымшылып, құрылғының соңында механикалық түрде бөлінеді [8].



Аталған құрылғы бөлек орнатылған механизм болып саналады, сол себептен,оны еденге бекітеді.

Тауық ұшаларын сойым линиясынан ішкі органдарын алу линиясына өткізу аппараты тауық ұшаларын сойым линиясынан ішкі органдарын алу линиясына өткізу құрылғысы шеңгелді кесіп алу және сойым линиясына ішкі органдарын алу линиясына өткізу үшін арналған .

Кесте 1.10 – EMF сойым линиясынан ішкі органдарын алу линиясына өткізу аппаратының техникалық сипаттамалары

Сыртқы түрі	
Габариттік өлшемдері,мм	2850*1490*2200
Құрылғының қуаты,кВт	2,2
Салмағы,кг	910

Сойым линиясы мен ішкі органдарын алу линияларының білектерінде редуктор мен айналым генераторы болады, олар екі линия жылдамдықтарын синхронизациялауға арналған құрылғыны электронды басқару жүйесіне қосылған. Екінші линияға өткізу құрылғысына тауық ұшалары сойым линиясы бойынша келеді, одан кейін кесіп алу құрылғысы шеңгелдерді кесіп алады, осылайша, сойым цехынан шығарады [5]. Одан кейін, орталық білек тауық ұшаларын ішкі органдарын алу линиясына береді.

Кесте 1.11 – Энкодердің техникалық сипаттамалары

Техникалық сипаттамалары	Baumer EIL580P-TT15.7PF.01024.B
Сыртқы түрі	
Корпустың материалы	Алюминий
Салмағы,грамм	300


Екі линияның айналу жылдамдықтарының синхронизациясы үшін энкодер жауап береді. Энкодердің негізгі жұмысы механикалық орын ауыстыруды электрлік сигналдарға түрлендіруге негізделген. Энкодерді сондай-ақ, кері байланыс датчигі немесе бұрыштық позиция датчигі деп те айтады. Энкодердің электрлік схемасына сандық микросұлбалар мен сигналдары екілік код құрайтын процессорлар кіреді

## 2 Есептік бөлім

### 2.1 Пневматикалық цилиндрге қысқаша сипаттама

Бұл бөлімде біз тауық ұшаларын салмақтары бойынша калибрлеу линиясының орындаушы механизмі болып табылатын – пневматикалық цилиндрдің жұмысын қарастырамыз. 12 жайманың үстінде 12 пневмоцилиндр тұрады, олардың негізгі атқаратын міндеті – ілмелі-шыжырлы конвейер бойымен келе жатқан тауық ұшаларын сәйкес жайманың үстіне келген кезде, тауық ұшасын итеріп, сәйкес жаймаға түсіру.

Жалпы айтқанда, пневмоцилиндр дегеніміз – сығылған ауа энергиясын сызықты механикалық орын ауыстыруға түрлендіретін құрылғы. Пневматикалық цилиндрдің жұмыс істеуін қарастырмас бұрын, оның құрылысына тоқталайық:



2.1 - сурет – Пневматикалық цилиндрдің құрылысы

Бұл суретте цилиндр корпусы (5) екі жағынан да (1), (2) қақпақтармен жабылған. Пневмоцилиндрдің артқы қақпағында (1) ауа берілісі үшін саңылау, ал алдыңғы қақпағында (8) сүзгі элементі (7) бар декомпрессиондық саңылау болады. Поршень (2) корпус кеңістігін 2 қуысқа бөледі: штоктік және поршеньдік. Шток (4) поршеньмен қатаң байланысқан. Екі қуыс бір-бірімен манжета (3) арқылы шенелген. Цилиндрдің алдыңғы қақпағында (8) поршеньнен сыртқы объектке беретін күшті қамтамасыз ететін бағыттаушы металл түтігі (9) болады, ол штоқтың сырғанау тірегі болып табылады. Қайтарғыш пружина (6) цилиндрдің ішіне монтаждалған [8].

Пневмоцилиндрдің жұмыс қадамы поршень қуысына сығылған ауа берілу арқылы, ал кері қадамы орнатылған пружина арқылы жүзеге асады.



2.2 - сурет – Пневматикалық цилиндрдің сұлбалардағы белгіленуі

А-сында штоқтың пневмоцилиндр ішіндегі көрінісі, б-сында шток тартылған кездегі көрінісі.

«Сары-Бұлақ» құс фабрикасының ұшаларды салмақ бойынша калибрлеу линиясында DNG сериясындағы Festo пневмоцилиндрлері қолданылады.

Кесте 2.1 – Пневматикалық цилиндрдің сипаттамалары

Сыртқы түрі	
Поршень диаметрі, мм	100
Цилиндр типі	Біржақты шток
Түсіретін күші, Н	110

Пневмоцилиндрдің жұмысын бастау үшін компрессор керек. Компрессордың максималды қысымы пневмоцилиндрдің жұмыс қысымынан 1-2 барға үлкен болу керек, сонда ғана жүйе тұрақты жұмысты қамтамасыз ете алады. Компрессордың қысымы – 0,4 МПа.

## 2.2 Пневмоцилиндрдегі пневматикалық жетектің жұмыс қозғалысын Simulink ортасында модельдеу

А) Пневможетектің математикалық моделін жасау.

Пневможетектің математикалық моделі – Даламбер принципі бойынша құрылған дифференциалдық теңдеу болып табылады [9]:

$$m \frac{d^2x}{dt^2} + K_{с.үйк} \frac{dx}{dt} = S_{п}(P_1 - P_2) - F_{қ.үйк} - F_{тех} \quad (2.1)$$

мұндағы  $m$  = қозғалмалы бөліктің массасы, 3 кг;

$K_{с.үйк}$  = поршеньнің цилиндрге сұйықтықтық үйкелу коэффициенті;

$S_{п}$  = поршеньнің ауданы, 0,0785 м<sup>2</sup>;

$P_1, P_2$  = цилиндрдің сол және оң бөліктеріндегі қысымдары, МПа;

$F_{қ.үйк}$  = пневмоцилиндр ішіндегі құрғақ үйкеліс күші, Н;

$F_{тех}$  = жетектің қозғалмалы бөлігінің болат бетке түсіретін технологиялық күші. [9]

Поршеньнің цилиндрге сұйықтықтық үйкелу коэффициенті келесі формула бойынша анықталады:

$$K_{c,\text{үйк}} = K_{c,\text{үйк}}^0 \cdot d_{\text{ц}}, \quad (2.2)$$

$$K_{c,\text{үйк}}^0 = 1000 \div 3000 \frac{\text{Н}}{\text{м/с}},$$

$$\text{осыдан, } K_{c,\text{үйк}} = 2000 \cdot 0,175 = 350 \frac{\text{Н}\cdot\text{м}}{\text{м/с}}$$

Пневмоцилиндр ішіндегі  $F_{\text{к,үйк}}$  құрғақ үйкеліс күшін келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$F_{\text{к,үйк}} = F_{\text{к,үйк}}^0 \cdot d_{\text{шт}} \quad (2.3)$$

мұндағы  $d_{\text{шт}}$  = штоктың диаметрі, м.

Штоктың диаметрін поршеньнің диаметрінің 20%-і деп қарастырсақ болады [4]:

$$d_{\text{шт}} = 0,2 \cdot d_{\text{п}} = 0,2 \cdot 0,1 = 0,02 \text{ м}$$

$$F_{\text{к,үйк}} = 4000 \cdot 0,02 = 80 \text{ Н}$$

Жетектің қозғалмалы бөлігінің болат бетке түсіретін  $F_{\text{тех}}$  технологиялық күшін келесі формула арқылы есептейміз:

$$F_{\text{тех}} = k \cdot mg = 0,1 \cdot 3 \cdot 9,8 = 2,94 \text{ Н} \quad (2.4)$$

мұндағы  $k$  = болаттың болат бетке түсіретін коэффициенті, 0,1;  
 $m$  = қозғалмалы бөліктің массасы, 3 кг.

$$S_{\text{п}}(P_1 - P_2) - F_{\text{к,үйк}} - F_{\text{тех}} = y \text{ болсын, онда, } m \frac{d^2x}{dt^2} + K_{c,\text{үйк}} \frac{dx}{dt}$$


Лаплас бойынша түрлендірсек, келесі өрнекті алуға болады:

$$X(s)(ms^2 + K_{c,\text{үйк}} s) = Y(s)$$

Олай болса, жетектің қозғалысының беріліс функциясын  $W(s)$  аламыз:

$$W(s) = \frac{1}{ms^2 + K_{c,\text{үйк}} s} \quad (2.5)$$

Жетектің беріліс функциясы дегеніміз – бастапқы шарттары нөлге тең болған жағдайда шығыс сигналдың Лаплас түрленген түрін кіріс сигналдың Лаплас түрленген түріне қатынасы. Кейбір жағдайларда жүйенің кіріс сигналы мен беріліс функциясын білу арқылы шығыс сигналын алуға да болады.



2.2 – сурет – Пневможетек қозғалысының s-моделі

Ә) Пневмоцилиндр ішіндегі ауа жағдайын математикалық модельдеу. Ауа жағдайының математикалық моделі адиабатамен сипатталады:

$$p^k \cdot V = const \quad (2.6)$$

мұндағы  $p$  = пневмоцилиндр ішіндегі қысым, МПа;  
 $V$  = пневмоцилиндр көлемі, м<sup>3</sup>.

$$p^k \cdot V = k \cdot m$$

$k$  пропорционалдық коэффициентін табу үшін атмосфералық қысымдағы 1м<sup>3</sup> ауаны аламыз. Олай болса:

$$0,1^{1,4} \cdot 1 = k \cdot 1.29$$

Осыдан:


$$k = \frac{0,1^{1,4}}{1,29} = 0,03086$$

Математикалық модель жасау үшін қарастырамыз [9].


Кесте 2.2 – Цилиндр ішіндегі сол және оң жақ қуыстарындағы ауа жағдайларына жүргізілген есептер кестесі

Сол жақ қуысы	Оң жақ қуысы
1	2
$p_1^k \cdot V_1 = k \cdot m_1$ $V_1 = V_{01} + S \cdot x,$ <p>мұндағы, <math>V_{01}</math> – қуыстың алғашқы көлемі, <math>1,6956 \cdot 10^{-4} \text{ м}^3</math></p>	$p_2^k \cdot V_2 = k \cdot m_2$ $V_2 = V_{02} - S \cdot x,$ <p>мұндағы, <math>V_{02}</math> – қуыстың алғашқы көлемі, <math>24,6898 \cdot 10^{-4} \text{ м}^3</math></p>

Сол жақ қуысы	Оң жақ қуысы
1	2
<p>Массалық шығынның теңдеуін ескерсек:</p> $Q_m = \sqrt{2\rho} \cdot s_{др} \cdot \mu \cdot \sqrt{(P_{кіріс} - P_{шығыс}) \cdot P_{шығыс}}$ <p>Ауаның массасы келесі формула бойынша анықталады:</p> $m = m_0 + \int Q_m \cdot dt$	
$P_1 = \sqrt[k]{k \cdot \frac{m_{01} + \int Q_{m1} \cdot dt}{V_{01} + S \cdot x}}$	$P_1 = \sqrt[k]{k \cdot \frac{m_{02} + \int Q_{m2} \cdot dt}{V_{02} - S \cdot x}}$



2.4 - сурет – Пневможетектің сол жақ қуысындағы ауа жағдайының s-моделі



2.5 - сурет – Пневможетектің сол жақ қуысындағы ауа жағдайының s-моделі

Б) Пневможетектің аэромеханикасының математикалық моделін жасау.


Пневможетектің аэромеханикасының математикалық моделі екі қуыс үшін гидродинамика теңдеулерімен сипатталады. Сол жақ қуыстағы  $Q_{m1}$  массалық шығынын 2.7-теңдеу анықтайды, ал 2.8-теңдеу – оң жақ қуыстағы  $Q_{m2}$  массалық шығыны.

$$Q_{m1} = \sqrt{2\rho} \cdot s_{др} \cdot \mu \cdot \sqrt{(P_{қорек} - P_1) \cdot P_1}, \quad (2.7)$$

$$Q_{m2} = \sqrt{2\rho} \cdot s_{др} \cdot \mu \cdot \sqrt{(P_2 - P_{атм}) \cdot P_{атм}} \quad (2.8)$$

Жоғарыдағы теңдеулерден пневмоцилиндр қуыстарындағы ауаның аэромеханика модельдерінің кіріс шамалары сәйкес облыстардағы қысым, ал шығыс шамасы – сәйкес облыстардағы массалық шығын екенін көруге болады.

Сол және оң жақ қуыстардағы аэромеханиканың s-модельі 2.6- суретте келтірілген:




2.6 - сурет – Пневможетектің сол жақ қуысындағы ауа жағдайының s-моделі

В) Simulink бағдарламалық пакетінде пневматикалық жетектің модельінің схемасы.


Пневматикалық жетектің математикалық модельін алу үшін 3.1-3.3 пункттерінде қарастырылған модельдерді ортақ бір үлкен жүйеге біріктіру керек. Ол үшін MATLAB бағдарламасындағы Simulink бағдарламалық пакетін қолданамыз [9].






2.7 - сурет – Пневматикалық жетектің s-моделінің жалпы схемасы


Г) АБЖ үшін пневможетектің математикалық моделін идентификациялау және модельдеудің нәтижелері.




2.8 - сурет – Поршеньнің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигі




2.9 - сурет – Пневмоцилиндр поршени жылдамдығының өзгерісінің графигі




2.10 - сурет – Сол жақ қуыстағы қысымның өзгеріс графигі



2.11 - сурет – Оң жақ қуыстағы қысымның өзгеріс графигі



2.12 - сурет – Сол жақ қуыстағы ауа шығынының графигі




2.13 - сурет – Оң жақ қуыстағы ауа шығынының графигі

Реттеу объектісі ретінде қарастырылатын пневмоцилиндрдің идентификациясын поршеньнің орын ауыстыру графигі бойынша жүргіземіз. Цилиндрдің беріліс функциясын келесі түрде қабылдаймыз:

$$W(s) = \frac{K_{06}}{T_{06}s^2 + s} \quad (2.10)$$

$K_{об}$  және  $T_{об}$  параметрлерін – алынған функция поршеньнің орын ауыстыру графигіне дәлірек сәйкес болатындай қылып таңдап аламыз.




2.14 - сурет – Пневможетектің ММ идентификациясының s-моделі

Сонымен, цилиндрдің ақырлы беріліс функциясын келесі түрде жазамыз:


$$W(s) = \frac{2}{0,2s^2 + s}$$

13-суретте есептелген және идентификация нәтижесінде қабылданған математикалық модельдердің графиктері көрсетілген.

Ал 14-суретте екі қарастырылған модельдер үшін сәйкессіздік графигі көрсетілген. Одан, біз келесідей тұжырым жасай аламыз: идентификация барысында алынған модельді объектің беріліс функциясы ретінде қабылдауға болады, себебі, қабылданған және есептелген модельдердің айырмасы поршеньнің  $s$  орын ауыстыруының максималды мәнінен 5% тен аспайды. ( $\delta = 0,05 \cdot 0,2 = 10^{-2}$ )



2.15 - сурет – Есептелген және қабылданған математикалық модельдердің графиктері



2.16 - сурет – Екі қарастырылған модельдердің сәйкессіздік графигі

Модельдеу нәтижелерін график түрінде көрсетеміз.

2.8-суретте цилиндр поршөның орын ауыстыруының уақыты мен оның ең шеткі оң жақ позициясына жеткенге дейінгі уақытына тәуелділігі графигі көрсетілген ( $x=h=200$  мм).

2.9-суретте пневмоцилиндр поршөның шеткі оң жақ позициясына жеткенге дейінгі уақыт аралығында жылдамдық өзгерісі көрсетілген.

2.10 және 2.11 суреттерде пневмоцилиндрдің сәйкесінше сол және оң жақ қуыстарында ауа қысымының өзгеру графигі берілген.

2.12 және 2.13 суреттерде цилиндрдің сол және оң жақ қуыстарындағы ауаның шығынының графигтері көрсетілген.




### 3 Бағдарламалық бөлім

#### 3.1 Калибрлеу линиясының TIA PORTAL ортасында жасалған визуализациясы мен бағдарламасы


TIA PORTAL – жетек пен контроллерлер деңгейінен адам-машина интерфейс деңгейіне дейін технологиялық процесстерді автоматтандыру жүйелеріне арналған бағдарламалық қамтамасыз ету ортасы [7].

TIA PORTAL-да жұмысты бастау үшін ең алдымен контроллер түрін таңдау керек.

Кесте 3.1 – TIA PORTAL бағдарламалық жасақтамасындағы контроллер түрлері

Контроллер түрі	Simatic S7-300	Simatic S7-400	Simatic S7-1200
Сыртқы түрі			
Қолдану салалары	Төменгі және орташа күрделілігі бар жүйелер	Орташа және жоғары күрделілігі бар жүйелер	Күрделі жүйелер
Дискретті кіріс/шығыс саны	16 - 65.536	131072-ге дейін	14 (максималды ұзартулары болады)
Аналогты кіріс/шығыс саны	4096	8192	2 (максималды ұзартулары болады)

Бұл жұмыста Simatic S7-300 контроллерін таңдаймыз. SIMATIC S7-300 бағдарламаланатын логикалық контроллер - күрделілігі төмен және орташа автоматтандыру жүйелеріне арналған [10]. Одан кейін процессордің ішінде қажет параметрлерді орнатамыз. Оның ішінде: CPU – орталық процессор модулі, CPU343-1-1, 192 КБ жұмыс жадысы; PS – қорек көзі блоктары; SM – сигнальдық модуль болады:



3.1 - сурет – Процессордің интерфейс терезесі

Әрі қарай, жүйенің кірістері мен шығыстарын айнымалылар кестесіне енгіземіз:


Project7\_V15.1.1 -> HM\_1 [KTP700 Basic PN] -> HM tags -> Default tag table [27]

Name	Data type	Connection	PLC name	PLC tag	Address	Access mode	Acquisition cycle	Source comment
Sensor1	Real	HM_Connectio...	PLC_2	Sensor1	%MD20	<absolute access>	1 s	Датчик веса 1
Sensor2	Real	HM_Connectio...	PLC_2	Sensor2	%MD24	<absolute access>	1 s	Датчик веса 2
Sensor3	Real	HM_Connectio...	PLC_2	Sensor3	%MD28	<absolute access>	1 s	Датчик веса 3
Sensor4	Real	HM_Connectio...	PLC_2	Sensor4	%MD32	<absolute access>	1 s	Датчик веса 4
Sensor5	Real	HM_Connectio...	PLC_2	Sensor5	%MD36	<absolute access>	1 s	Датчик веса 5
Start	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Start1	%I24.0	<absolute access>	1 s	
Stop	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Stop1	%I24.1	<absolute access>	1 s	
Tag_10	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Tag_10	%M1.1	<absolute access>	1 s	
Tag_11	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Tag_11	%M1.2	<absolute access>	1 s	
Tag_12	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Tag_12	%M1.3	<absolute access>	1 s	
Tag_13	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Tag_13	%M1.4	<absolute access>	1 s	
Tag_14	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Tag_14	%M1.5	<absolute access>	1 s	
Tag_15	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Tag_15	%M2.0	<absolute access>	1 s	
Tag_16	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Tag_16	%M3.0	<absolute access>	1 s	
Tag_17	DWord	HM_Conne...	PLC_2	Tag_17	%MD40	<absolute access>	1 s	
Tag_18	DWord	HM_Connectio...	PLC_2	Tag_18	%MD42	<absolute access>	1 s	
Tag_9	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Tag_9	%M1.0	<absolute access>	1 s	
Tag_ScreenNumber_1	Word	HM_Connectio...	PLC_2	<Undefined>	%DB1.DBVD0	<absolute access>	1 s	
Tag_ScreenNumber_2	Word	HM_Connectio...	PLC_2	<Undefined>	%DB1.DBVD0	<absolute access>	1 s	
Конвейер	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Конвейер	%Q124.5	<absolute access>	1 s	
Пневмоцилиндр1	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Пневмоцилиндр1	%Q124.0	<absolute access>	1 s	
Пневмоцилиндр2	Bool	HM_Connectio...	PLC_2	Пневмоцилиндр2	%Q124.1	<absolute access>	1 s	
Счетчик 1	Counter	HM_Connectio...	PLC_2	"Счетчик 1"	%C1	<absolute access>	1 s	
Счетчик 2	Counter	HM_Connectio...	PLC_2	"Счетчик 2"	%C2	<absolute access>	1 s	
Счетчик 3	Counter	HM_Connectio...	PLC_2	"Счетчик 3"	%C3	<absolute access>	1 s	
Счетчик 4	Counter	HM_Connectio...	PLC_2	"Счетчик 4"	%C4	<absolute access>	1 s	
Счетчик 5	Counter	HM_Connectio...	PLC_2	"Счетчик 5"	%C5	<absolute access>	1 s	
<Add new>								

3.2 - сурет – Айнымалылар кестесі

Мұнда, 5 жайманың үстінде тұратын салмақ өлшейтін датчиктерді Sensor1-Sensor5 , конвейерді қосып,өшіру батырмалары – Start, Stop, жаймалардағы тауық ұшаларының санын көрсететін 5 санағыш, пневматикалық цилиндрлер деген сияқты айнымалыларды енгіземіз.

Әрі қарай, HMI және PLC тегтері арасына байланыс қойылады:




3.3 - сурет – Бақылаушының желілік жалғану терезесі



3.4 - сурет – LAD тіліндегі программа





3.2 - сурет – Тауық ұшаларын салмақтары бойынша 5 жаймаға сұрыптау визуализациясы

Сұлбада көрсетілгендей, Start батырмасын басқан кезде конвейер қозғалысын бастайды, шынжырлы-ілімелі конвейер бойымен келе жатқан тауық ұшалары тензодатчик көмегімен өлшеніп, тензодатчик ішіндегі орнатылған мәндер диапазонында болса, пневматикалық цилиндр жұмысын бастап, тауық ұшасын жаймаға итеріп, лақтырады. Ал орнатылған санағыштар тауық санын автоматты түрде санап, оператор экранына шығарып отырады.

Осылайша, тауық ұшаларын салмақтары бойынша калибрлеу линиясы автоматтандырылды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл дипломдық жобада «Сары-Бұлақ» құс фабрикасының сойым цехін автоматтандыру мәселелері қарастырылды. Оның ішінде жұмыс істейтін тауық ұшаларын салмақтары бойынша калибрлеу линиясының жұмысын автоматтандыру есептері шешілді. Линияда жұмыс істейтін негізгі датчиктер: салмақ өлшейтін тензодатчиктер мен позиция датчиктері таңдалынды. Сондай-ақ, Matlab ортасында – Simulink пакетінде орындаушы механизм – пневмоцилиндрдің жұмысы модельденіп, оны модельдеуге арналған есептеулер жүргізілді.

TIA PORTAL бағдарламалық жасақтамасында автоматтандыру сұлбасы бойынша визуализациясы құрылып, линияға қажет құрылғылар (ілімелі-шынжырлы конвейер, пневмоцилиндр, жаймалар, салмақ өлшейтін датчиктер, тауық ұшаларының санын тіркейтін санағыштар) орнатылып, калибрлеу линиясының жұмысы модельденді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Өнеркәсіптік құс шаруашылығы /Алексеев Ф.Ф., 1991. –369-413б.
- 2 Құс фабрикалары мен құс фермаларындағы машиналар мен құрылғылар /Воробьев В.А., Дегтерев Г.П., 1984. –285с.
- 3 Интернет ресурс: <http://www.bigdutchman.de> [https://studbooks.net/2503862/tovarovedenie/razrabotka\\_shemy\\_modeli\\_pnevmoprivoda\\_prilozhenii\\_simulink](https://studbooks.net/2503862/tovarovedenie/razrabotka_shemy_modeli_pnevmoprivoda_prilozhenii_simulink)
- 5 Технологиялық процесстерді автоматтандыру /Бородин И.Ф., Судник Ю.А. 2004. –344с.
- 6 Құс етін өңдеу технологиясы /Бессарабов Б.Ф., Бондарев Э.И., Столляр Т.А., 2005. –352с
- 7 SIEMENS ресми дистрибьюторы // simecs.ru : SIMATIC HMI бағдарламалық жасақтамасы
- 8 Бейсембаев А.А. СЫЗЫҚТЫ АВТОМАТТЫ РЕТТЕУ ЖҮЙЕЛЕРІ. Бөлім I. 5B070200 – «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша күндізгі бөлімнің студенттері үшін практикалық сабақтарды өткізуге және курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқаулары. Алматы: КазҰТЗУ, 2015.
- 9 [Ibrayev A.Kh.,] A.M. Iskakova, Technological measurements and devices. Ministry of education and science of the republic of Kazakhstan//ISBN 978-601-7529-96-3, Almaty
- 10 Интернет ресурс: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/bse/97569/D0%9A%D0%BE%D0%BC%D0%BF%D1%80%D0%B5%D1%81%D1%81%D0%BE%D1%80%D0%BD%D0%B0%D1%8F>
- 11 Құс шаруашылығының механикаландыру /Болотнов П.М., Лукьянов В.М., 1988.
- 12 Бесекерский В.А., Попов Е.П. Теория систем автоматического регулирования.–издательство «Наука», Главная редакция физико-математической литературы, М., 1972. – 768с.
- 13 Интернет ресурс: <https://eldala.kz/dannye/kompanii/1089-sary-bulak>
- 14 <https://world-nan.kz/blogs/ptitsevodstvo-otrasl-selskogo-khozyaystva>